



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

16.05.2022 № 2-01-22-39376

15.04.2021 ж №ДЗ-135

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)

### Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура қатты тұрмыстық қалдықтар полигондары қызметінің проблемалық мәселелері бойынша сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарады.

#### **Көкшетау қаласындағы полигонның заңсыз қызметі туралы**

Қазіргі уақытта Көкшетау қаласында екі полигон орналасқан (Красный Яр ауылы маңында және Бірлік ш/а), жобалық қуаттың таусылуына байланысты олардың қызметі тоқтатылған.

Дегенмен «Көкше Тазалық» ЖШС қалдықтарды Бірлік шағын ауданындағы ескі полигонға рұқсатсыз орналастыруды жалғастыруда.

Прокуратураның ұсынуы бойынша 2021 жылғы сәуірде Ақмола облысы бойынша Экология департаменті (бұдан әрі – Департамент) «Көкше Тазалық» ЖШС-да тексеру жүргізді. Кәсіпорын ӘҚБТК-нің 332-бабы (Қазақстан Республикасының мемлекеттік экологиялық сараптаманы міндетті жүргізу туралы заңнамасының талаптарын орындамау) және 328-бабы (қоршаған ортаға рұқсат етілген антропогендік әсер нормативтерін бұзу) бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылған және оған коммуналдық қалдықтарды жабық полигон аумағына шығаруға тыйым салу туралы нұсқама берілген.

Сондай-ақ Департамент рұқсат етілген жерге қоқыс шығаруға мәжбүрлеу туралы талап қою берген. Талап қою қанағаттандырылды.

Сонымен қатар Көкшетау қаласына ең жақын полигон Сандықтау ауданының Шаңтөбе кентінде (Көкшетау қаласынан 150 км) орналасқан, оның жобалық қуаты кентке есептелген, осыған байланысты «Көкше Тазалық» ЖШС заңсыз орналастырылған қалдықтарды ескі полигоннан жаңа полигонға оны салғаннан кейін шығару туралы кепілдік хат берді.

2020 жылы бекітілген Ақмола облысының экологиялық проблемаларын кешенді шешу жөніндегі жол картасы шеңберінде Ақмола облысының әкімдігі мен Министрлік 2022-2024 ж.ж. іске асыру мерзімімен қоқысты сұрыптау желісі бар ҚТҚ полигонын салуды көздеген.

Ақмола облысы бойынша Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы 2019 жылы әзірленген Көкшетау қаласында жаңа полигон құрылысының техникалық-экономикалық негіздемесіне түзету жүргізуде.

Полигон құрылысы үшін Зеренді ауданында көлемі 60 га жер учаскесі бөлінді (ресімделу сатысында).

### **Қостанай облысының ет өңдеу кәсіпорындарына қатысты**

Жүргізілген талдау Қостанай облысының ет өңдеу кәсіпорындарының («Қарасу Ет» ЖШС, «Север Ет» ЖШС және «Қостанай Агро продукт» ЖШС) биологиялық қалдықтарды «Горизонт 2012» ЖШС полигонына шығаратыны анықталды, ол жануарлар мен олардың қалдықтарын көмуге бейімделмеген.

Осыған байланысты Қостанай облысының прокуратурасы 08.04.2022 жылы Қостанай облысы бойынша Экология департаментінің атына хат жолдады. Қазіргі уақытта Департамент «Горизонт 2012» ЖШС-да тексеру жүргізуде.

Сондай-ақ облыс прокуратурасының (08.04.2022 ж.) ұсынуы негізінде Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Аумақтық инспекциясы (бұдан әрі – аумақтық инспекция) «Сервис-Ет» ЖШС-да және «Қостанайагропродукт» ЖШС-да тексеруді бастады.

Қалған субъектілер («Қарасу-Ет» ЖШС, «MEAT MALL» ЖШС, «Тобыл-2021» ЖШС, «Альтенгоф А.К.» ЖК, «Бурачков А.М.» ЖК – шағын кәсіпкерлік субъектілері) бойынша аумақтық инспекция Ауыл шаруашылығы министрлігіне тексеру жүргізуге рұқсат беру туралы өтінішхат жіберді.

**Анықтама ретінде:** Қазақстан Республикасы Президентінің 26.12.2019 жылғы №229 Жарлығының 2-тармағына сәйкес осы Жарлықтың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілеріне бару арқылы тексерулер орталық мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органның бірінші басшысының шешімі негізінде жүргізіледі.

Тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою бойынша тиісті шаралар қабылданатын болады.

Алматы облысы Іле ауданы **Өтеген ауылындағы жергілікті зират аумағына стихиялық қоқыс** тастайтын жердің таралуына қатысты облыс прокуратурасының қадағалау актісі бойынша (13.04.2022 ж. Экология департаментіне енгізілген) ағымдағы жылғы сәуірде Іле ауданы әкімдігінің қоқыс тастайтын жерді толығымен жойғанын (қалдықтар полигонға шығарылды) хабарлаймыз. Ұсынуды қарау нәтижелері бойынша 4 ауылдық округ әкімі ӘҚБТК-нің 324-бабының 1-бөлігі (қоршаған ортаны қорғау жөніндегі санитариялық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарды бұзу) бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылды.

### **Семей қаласында жаңа полигон салу туралы**

Семей қаласында 1998 жылдан бастап есептік сыйымдылығы 10 млн тоннаға дейінгі, жалпы ауданы 69,1122 га болатын қалалық полигон жұмыс істейді, 2022 жылдың басында осы полигонда 4,5 млн тонна қалдық, яғни 50% жинақталған. ҚТҚ-ны осы полигонға орналастыруды «Хазипов Р.С.» ЖК 2029 жылға дейін берілген қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат негізінде жүзеге асырады.

Семей қаласы бойынша ҚТҚ-ны бөлек жинауды және сұрыптауды енгізу жөніндегі жобаны іске асыру жөніндегі жол картасы шеңберінде (2020-2024 жылдар мерзімімен) өнімділігі жылына 100 мың тонна қоқыс сұрыптау желісі үшін жабдық сатып алынды. ҚТҚ сұрыптау желісін орналастыру үшін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым, құрылыстар салуға

жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп, сараптаманың оң қорытындысы алынды және Шығыс Қазақстан облысының Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына бюджеттік өтінім жіберілді.

Облыстың бөлінуіне байланысты өтінімді қарау тоқтатылды.

Бұдан басқа, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі Еуропалық қайта құру және даму банкімен (бұдан әрі-ЕҚДБ) бірлесіп «Өскемен және Семей қалаларында тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару жүйесін жаңғырту» жобасын іске асыруда.

Семей қаласы бойынша жобаны іске асыру мерзімі 2021-2033 жылдар.

Жаңа полигонның құрылысына жалпы ауданы 100 га (Приречный ауылдық округінде) жер учаскесі бөлінген.

Жобаның құны жобалау-сметалық құжаттама әзірленгеннен және мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы алынғаннан кейін айқындалатын болады. Байқау жұмыстарының басталуы ағымдағы жылдың екінші жартыжылдығына жоспарланған.

Сонымен қатар Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) мәліметтері бойынша Қазақстан аумағында 3005 полигон бар, олардың 635-і немесе 21%-ы экологиялық және санитариялық нормаларға сәйкес келеді.

Жыл сайынғы ҚТҚ түзілу көлемі 5-6 млн тонна.

Бүгінгі күні ҚТҚ жинау және шығару тек қалалар мен жекелеген аудан орталықтарында ұйымдастырылған.

Бұл ретте, жыл сайын «Қазақстан Ғарыш Сапары «Ұлттық компаниясы» АҚ ғарыштық мониторинг арқылы рұқсат етілмеген қоқыс тастайтын жерлерді анықтап, тиісті шаралар қабылдау үшін жергілікті атқарушы органдарға береді.

**Анықтама ретінде:** анықталған үйінділер туралы мәліметтер <https://waste.gharysh.kz/> салалық геосервисіне жүктеледі. Бұдан әрі Экология департаменттерінің қызметкерлері осы жүйе мен WasteView және wasteedit мобильді қосымшалары арқылы шығуларды жүзеге асырады және алынғанын растайтын суреттер негізінде полигондарды жою туралы ақпарат енгізеді.

2021 жылы 7,3 мыңға жуық (2020 ж. – 8,8 мың) қалдықтарды заңсыз орналастыру орны анықталды, оның 6,7 мыңы немесе 91%-ы жойылды.

Экологиялық кодекстің (бұдан әрі – ЭК) 365-бабына сәйкес коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы **мемлекеттік саясатты іске асыру жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның** (бұдан әрі – уәкілетті орган, Министрлік) құзыретіне кіреді.

Дегенмен қалдықтарды басқару саласындағы проблемалар жылдан жылға шешілмей келеді.

Мысалы, Ақмола облысында 617 елді мекен бар.

Алайда барлық қажетті рұқсат беру құжаттары бар полигондар тек 24 (3,89%) елді мекенде ғана орналасқан, 249-ында полигондар санитариялық және экологиялық талаптарға сәйкес келмейді.

Осыған ұқсас жағдай барлық өңірлерде де бар (Ақтөбе облысында – 157, Қостанай облысында – 29, Солтүстік Қазақстан облысында - 333 және басқа облыстарда).

Қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу мәселесі барлық өңірлер үшін проблемалық болып қалуда.

Бас прокуратураның 2021 жылы жүргізген жоспарлы тексеруі Министрліктің қалыптасқан, орналастырылған, кәдеге жаратылған және қайта өңделген қалдықтардың көлемі, оларды сақтауға арналған полигондар мен алаңдар, осы салада жұмыс істейтін субъектілер туралы деректерге толық көлемде ие еместігін көрсетті.

Осыған байланысты Үкіметтің атына анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдау үшін ұсыну енгізілді.

**Анықтама ретінде:** Ұсыныс қаралды. Экология департаменттерінің басшылары мен Министрліктің лауазымды адамдары тәртіптік жауаптылыққа тартылды. Қалдықтарды, полигондар мен қалдықтарды сақтауға арналған алаңдарды жинау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, сұрыптау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату жүйесіне қатысы бар табиғат пайдаланушыларға түгендеу жүргізіледі.

Осы тексерудің нәтижелері бойынша барлық облыстардың прокурорлары әкімдіктерге және экология департаменттеріне қадағалау актілерін енгізді (қаралуда), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасарының атына коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы проблемалық мәселелер туралы (апатты үйінділер, елді мекендерде полигондардың болмауы, жабық полигондарды пайдалану және басқалар) және оларды шешу бойынша ұсыныстармен хат жолдады.

**Б. Асыллов**

орынд. С.Жекебаева  
тел: 71-29-87

**Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі депутаттарының тізімі:**

1. А.Т. Перуашев
2. Б.С. Дүйсенбинов
3. А.Р. Әбілдаев
4. Е.Х. Барлыбаев
5. С.С. Ерубаяев
6. Е.Қ. Өмірғали
7. Д.М. Еспаева
8. А.Қ. Жұмабаева
9. Қ.Ж. Иса
10. А.Г. Линник
11. М.Б. Раманқұлов
12. Ғ.Б. Хамзин



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

16.05.2022 № 2-01-22-39376

15.04.2021 ж. №ДЗ-135

Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
(по списку)

### Уважаемые депутаты!

Генеральной прокуратурой рассмотрен ваш депутатский запрос по проблемным вопросам деятельности полигонов твердо-бытовых отходов.

#### **О незаконной деятельности полигона в г.Кокшетау**

В настоящее время в г.Кокшетау расположено два полигона (вблизи с.Красный Яр и в мкр.Бирлик), их деятельность приостановлена в связи с исчерпанием проектной мощности.

Тем не менее, ТОО «Кокше Тазалык» продолжало несанкционировано размещать отходы на старом полигоне в мкр. Берлик.

По представлению прокуратуры в апреле 2021 года Департаментом экологии по Акмолинской области (далее - Департамент) проведена проверка в ТОО «Кокше Тазалык». Предприятие привлечено к административной ответственности (по ст.ст. 332 (невыполнение требований законодательства Республики Казахстан об обязательном проведении государственной экологической экспертизы) и 328 (нарушение нормативов допустимого антропогенного воздействия на окружающую среду) КоАП) и выдано предписание о запрете вывоза коммунальных отходов на территорию закрытого полигона.

Также Департаментом подан иск о понуждении вывоза мусора на санкционированное место. Иск удовлетворен.

Вместе с тем, ближайший полигон к г.Кокшетау находится в п.Шантобе Сандыктауского района (150 км от г.Кокшетау), его проектная мощность рассчитана на поселок, в связи с чем ТОО «Кокше Тазалык» предоставило гарантийное письмо о вывозе незаконно размещенных отходов со старого полигона на новый полигон после его строительства.

В рамках Дорожной карты по комплексному решению экологических проблем Акмолинской области, утвержденной в 2020 году, акиматом Акмолинской области и Министерством предусмотрено строительство полигона ТБО с мусоросортировочной линией со сроком реализации 2022-2024 г.г.

Управлением природных ресурсов и регулирования природопользования по Акмолинской области проводится корректировка разработанного в 2019 году технико-экономического обоснования строительства нового полигона в г.Кокшетау.

Для строительства полигона выделен земельный участок в Зерендинском районе площадью 60 га (на стадии оформления).

### **Касательно мясоперерабатывающих предприятий Костанайской области**

Проведенным анализом установлено, что мясоперерабатывающие предприятия (ТОО «Карасу Ет», ТОО «Север Ет» и ТОО «Костанай Агро продукт») Костанайской области вывозят биологические отходы на полигон ТОО «Горизонт 2012», который не приспособлен для захоронения животных и их останков.

В этой связи прокуратурой Костанайской области 08.04.2022 года направлено письмо в адрес Департамента экологии по Костанайской области. В настоящее время Департаментом проводится проверка в ТОО «Горизонт 2012».

Также на основании представления (от 08.04.2022г.) прокуратуры области Территориальной инспекцией Комитета ветеринарного контроля и надзора Министерства сельского хозяйства (далее – территориальная инспекция) начата проверка в ТОО «Сервис-Ет» и «КостанайАгроПродукт».

По остальным субъектам (ТОО «Карасу-Ет», ТОО «MEAT MALL», ТОО «Тобыл-2021», ИП «Альтенгоф А.К.», ИП «Бурачков А.М.» - субъектам малого предпринимательства) территориальной инспекцией в Министерство сельского хозяйства направлено ходатайство о даче разрешения на проведение проверки.

**Справочно:** согласно п.2 Указа Президента Республики Казахстан №229 от 26.12.2019 года проверки с посещением субъектов малого предпринимательства, в том числе субъектов микропредпринимательства, предусмотренные в подпунктах 1) и 2) пункта 1 настоящего Указа, проводятся на основании решения первого руководителя центрального государственного или местного исполнительного органа.

По результатам проверок будут приняты соответствующие меры по устранению нарушений.

Относительно распространения **стихийной свалки на территорию местного кладбища в с.Отеген** Илийского района Алматинской области сообщаем, что по акту надзора прокуратуры области (внесено 13.04.2022г. в Департамент экологии) в апреле т.г. акимом Илийского района свалка полностью ликвидирована (отходы вывезены на действующий полигон в п.Караой Илийского района). По результатам рассмотрения представления 4 акимов сельских округов привлечены к административной ответственности по ч.1 ст.324 КоАП (нарушение санитарно-эпидемиологических и экологических требований по охране окружающей среды).

### **О строительстве нового полигона в г.Семей**

В г.Семей с 1998 года функционирует городской полигон, с расчетной вместимостью до 10 млн тонн отходов, общей площадью 69,1122 га. На начало 2022 года на данном полигоне накоплено 4,5 млн тонн отходов, т.е. 50%. Размещение ТБО на данном полигоне осуществляет ИП «Хазипов Р.С.» на основании разрешения на эмиссии в окружающую среду, выданного до 2029 года.

В рамках Дорожной карты по реализации проекта по внедрению отдельного сбора и сортировки ТБО по городу Семей (со сроком 2020-2024 годы) закуплено оборудование для сортировочной линии производительностью 100 тыс. тонн мусора в год. Разработана проектно-сметная документация на строительство инженерно-коммуникационной инфраструктуры, сооружений для размещения сортировочной линии ТБО, получено положительное заключение экспертизы и направлена бюджетная заявка в Управление энергетики и жилищно-коммунальное хозяйство Восточно-Казахстанской области.



В связи с делением области рассмотрение заявки приостановлено.

Кроме того, акимат Восточно-Казахстанской области совместно с Европейским банком реконструкции и развития (далее - ЕБРР) реализуют проект «Модернизации системы управления твердо-бытовых отходов в городах Усть-Каменогорск и Семей».

Срок реализации проекта по городу Семей 2021-2033 годы.

Под строительство нового полигона выделен земельный участок общей площадью 100 га (в Приречном сельском округе).

Стоимость проекта будет определена после разработки проектно-сметной документации и получения положительного заключения государственной экологической экспертизы. Начало конкурсных работ запланировано на второе полугодие т.г.

Вместе с тем сообщаем, что по сведениям Министерства экологии, геологии и природных ресурсов (далее - Министерство) на территории Казахстана имеется 3005 полигонов, из них соответствуют экологическим и санитарным нормам – 635 или 21%.

Ежегодный объем образования ТБО 5-6 млн тонн.

На сегодня сбор и вывоз ТБО организован лишь в городах и отдельных районных центрах.

При этом ежегодно АО «Национальная компания «Қазақстан Ғарыш Сапары» посредством космического мониторинга выявляются несанкционированные свалки и в дальнейшем передаются в местные исполнительные органы для принятия соответствующих мер.

**Справочно:** сведения о выявленных свалках загружаются на отраслевой геосервис <https://waste.gharysh.kz/>. В дальнейшем сотрудники Департаментов экологии посредством данной системы и мобильных приложений WasteView и WasteEdit осуществляют выезды и вносят информацию о ликвидации свалок на основании полученных подтверждающих снимков.

Так, в 2021 году установлено порядка 7,3 тыс. (2020г. – 8,8 тыс.) мест незаконного размещения отходов, из них ликвидировано 6,7 тыс. или 91%.

В соответствии со ст.365 Экологического кодекса (далее - ЭК) реализация государственной политики в области управления коммунальными отходами входит в компетенцию **местных представительных и исполнительных органов**, а также **уполномоченного органа в области охраны окружающей среды** (далее - уполномоченный орган, Министерство).

Вместе с тем проблемы в сфере управления отходами из года в год остаются не решенными.

К примеру, в Акмолинской области имеется 617 населенных пунктов.

Однако полигоны со всеми необходимыми разрешительными документами имеются лишь в 24 (3,89%) населенных пунктах, в 249 – полигоны не соответствуют санитарным и экологическим требованиям.

Аналогичная ситуация имеется во всех регионах (в Актюбинской области – 157, Костанайской – 29, Северо-Казахстанской области – 333 и других областях).

Проблемным для всех регионов остается вопрос сортировки и переработки отходов.

Плановая проверка Генеральной прокуратуры, проведенная в 2021 году, показала, что Министерство не в полной мере обладает данными об объемах



образованных, размещенных, утилизированных и переработанных отходов, полигонах и площадках для их хранения, субъектах, работающих в этой сфере.

В этой связи в адрес Правительства внесено представление для принятия мер по устранению выявленных нарушений и недостатков.

**Справочно:** Представление рассмотрено. Руководители департаментов экологии и должностные лица Министерства привлечены к дисциплинарной ответственности. Проводится инвентаризация природопользователей имеющих отношение к системе сбора, транспортировки, подготовки к повторному использованию, сортировки, обработки, переработки, обезвреживания и (или) утилизации отходов, полигонов и площадок для хранения отходов и другое.

По результатам настоящей проверки всеми прокурорами областей внесены акты надзора в акиматы и департаменты экологии (на рассмотрении), а также направлено письмо в адрес первого заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан о проблемных вопросах (стихийные свалки, отсутствие полигонов в населенных пунктах, использование закрытых полигонов и другое) в сфере управления коммунальными отходами и предложения по их решению.

**Б. Асыллов**

**Список депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан:**

1. Перуашев А.Т.
2. Дюсембинов Б.С.
3. Абильдаев А.Р.
4. Барлыбаев Е.Х.
5. Ерубает С.С.
6. Өмірғали Е.Қ.
7. Еспаева Д.М.
8. Жумабаева А.К.
9. Иса Қ.Ж.
10. Линник А.Г.
11. Раманкулов М.Б.
12. Хамзин Ғ.Б.